

Жақсы ауданы бойынша 2013 жылы субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № А-3/143 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 8 мамырда № 3725 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімі аппаратының 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 04-942 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімі аппаратының 18.09.2014 № 04-942 хатымен)

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасына сәйкес, " А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2013 жылғы 15 ақпандағы № 126 қорытындысы негізінде Жақсы ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жақсы ауданы бойынша 2013 жылы субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері

қосымшаға	сәйкес	айқындалсын.
-----------	--------	--------------

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары

А.Т.Жапаровқа	жүктелсін.
---------------	------------

3. Аудан әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

И.Қабдуғалиев

Ж а қ с ы

а у д а н ы

ә к і м д і г і н і н

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

2 4

с ә у і р д е г і

№

А - 3 / 1 4 3

қ а у ы с ы н а

ҚОСЫМША

Жақсы ауданы бойынша 2013 жылы субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері

№ р/р	Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері	Субсидия алушылардың тізіміне қосуға құжатта қабылдау мерзімдері
1	Орташа кеш жаздық бидай	12 мамырдан 26 мамырға дейін	27 мамырға дейін
2	Орташа піскен жаздық бидай	14 мамырдан 28 мамырға дейін	29 мамырға дейін
3	Орташа ертерек жаздық бидай	18 мамырдан 2 маусымға дейін	3 маусымға дейін
4	Жаздық арпа, сұлы	6 маусымға дейін	7 маусымға дейін
5	Асбұршақ	20 мамырдан 27 мамырға дейін	28 мамырға дейін
6	Ноқат	10 мамырдан 17 мамырға дейін	18 мамырға дейін
7	Майлы зығыр	15 мамырдан 30 мамырға дейін	31 мамырға дейін
8	Күнбағыс май тұқымға	10 мамырдан 20 мамырға дейін	21 мамырға дейін
9	Судан шөбі	17 мамырдан 25 мамырға дейін	26 мамырға дейін
10	Жүгері	18 мамырдан 25 мамырға дейін	26 мамырға дейін
11	Көп жылдық шөптер (көктемгі егістік)	10 мамырдан 12 мамырға дейін	13 мамырға дейін